

Жарты ғасырға жуық еңбектің нәтижесі

Мереке қарсаңында қаламыздың тұрғыны, еңбек жолын қой бағудан бастап, мектеп директоры, ауыл әкімі сынды көптеген лауазымды қызметтерді абыроймен атқарып келе жатқан ағамыз Сағидолла БАЙГЕНЖИН үлкен марапатқа ие болды. Жерлесімізге Қостанай облысының әкімі Құмар АҚСАҚАЛОВ «Ерен еңбегі үшін» медалін салтанатты түрде тақты.

Сағидолла КӘКЕНҰЛЫ 1961 жылы Қостанай облысы, Амангелді ауданы, Тасты ауылында дүниеге келген.

Еңбек жолын 1978 жылы өзі туған Тасты ауылында комсомол жастар – шопан бригадасында қой бағудан бастаған. Бір жыл шопан болған талапты жас Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтына оқуға түсіп, жоғарғы оқу орнын 1984 жылы физика – математика және тарих маман-



2009 жылы Арқалық қаласындағы іргелі білім ордасы А. Құнанбаев атындағы №6 мектепке директор етіп тағайындады. Бұл мектепте де нәтижелі еңбегімен танылды. №6 мектепті үш жыл басқарған уақытында үш «Алтын белгі» иегерін шығарды. Осы жылдары аталған мектептің ұстаздары да, оқушылары да түрлі деңгейдегі байқауларға қатысып, үлкен жетістіктерге жетіп жатты. А. Құнанбаев атындағы №6 мектеп білім сапасы жағынан қала мектептерінің ішінде алдыңғы қатардан көрінді.

тын астыққа толтырды. Бау – бақша егіп, ауыл мен қала халқын қолжетімді бағандағы көкөніс өнімдерімен қамтыды. Ангус тұқымды мал өсіріп, ауылдың малын асылдандыруға, тұрғындардың малдарынан етті бағытта мол өнім алуына жағдай жасады. Қай салада жүрсе де айналасына пайдасын тигізуді мақсат ететін ол шаруашылығын жүргізген Молодежный ауылына демешілік істерімен танылды. Кәсіпкердің әлеуметтік жауапкершілігін ұмытқан жоқ, көмекке мұқтаж жандарға қолұшын созып, елдің алғы-

жаттар сақталатын маңызды мекеменің де жұмысын ілгерілету жолында нәтижелі еңбегімен танылуда. Архивтегі құжаттарды сақтаудың қауіпсіздігі мен оларды сұраушыларға ұсынудағы тиімділігі үшін құжаттарды сандық форматқа көшіру жұмыстары қарқынды жүруде. Сондай ақ, архивке құжат тапсырушы ведомстволық мекемелердің де құжаттарының 97 % сандық форматқа ауыстыруға қол жеткізілді. Мекеме мамандарының жыл сайын өткізілетін облыстық «Үздік архивші» байқауларында жүлделі орындардан



лық қалалық мәслихатының депутаты болып, қаланың өзекті мәселелерін өткір көтеріп, бірқатар проблемалардың шешілуіне себепкер болды.

Жұбайы «Білім беру ісінің құрметті қызметкері», «Білім беру саласының үздігі» Злиха БАЙКЕНҚЫЗЫ екеуі үш бала тәрбиелеп өсірді. Балаларының барлығы жоғары білімді, әр салада жемісті қызмет етіп келеді.

Ағамыз сан саладағы табанды қызметіне орай «Халық ағарту ісінің озық қызметкері», «Білім беру ісінің үздігі» төсбелгісімен, ҚР Президентінің, Білім министрлігінің алғыс хатымен, ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің құрмет грамотасымен марапатталған. Қостанай облысы әкімінің, Арқалық қаласы әкімі грамотасының бірнеше мәрте иегері.

Сағидолла БАЙГЕНЖИН жоғарыда атап өткен білім беру, ауыл әкімі, ауылшаруашылық, архив мекемесінің басшысы сынды түрлі салада 47 жылдан бері табанды еңбек етіп келеді. Білімді, білікті, тәжірибелі, талапшыл басшы қай салада қызмет жасаса да жоғары нәтиже көрсетіп, елге адал еңбегімен танылған.

дың бойынша ойдағыдай аяқтап шықты.

Шалғайдағы ауылдан «Алтын белгі» иегерін шығарды

Институт қабырғасында жүріп білімділігі мен бірге белсенділігімен танылған талантты жасты қолына дипломын алған 1984 жылы бірден Арқалық аудандық сырттай – кешкі мектептің директоры етіп тағайындайды. Ол жерде екі жыл қызмет атқарған соң, отандық борышын өтеуге аттанып, әскерден келген соң 1987 жылы Арқалық аудандық білім бөлімінің инспекторы қызметіне орналасты. Аудандық білім бөлімінде 6 жыл бойы тәжірибе жинап, кәсіби шыңдалған білікті маманды 1993 жылы Арқалық қаласына қарасты Молодежный ауылындағы Майкутов орта мектебіне директор етіп қойды. Сағидолла БАЙГЕНЖИН ұжымымен бірге, шалғайдағы ауыл мектебінің білім деңгейін көтеруге бел шеше кірісіп, нәтижесінде ауылда бұрын соңды болмаған жетістік – «Алтын белгі» иегерін шығарды. Спортқа көп көңіл бөлудің нәтижесінде Майкутов мектебінің оқушылары түрлі деңгейдегі спорттық жарыстарда топ жарды.

Ауыл мектебін биік дәрежеге көтерген білікті басшы Сағидолла КӘКЕНҰЛЫН

Ауыл тізгінін ұстап ауқымды жұмыс атқарған

Осылайша қара шаңырақ білім ордасының мерейін арттырып, абыроймен қызмет атқара білген Сағидолла БАЙГЕНЖИНнің іскерлігі мен қарым – қабілетін қала билігі ауылды дамытуға бағыттауды жөн көріп, 2012-ші жылы Арқалық қаласына қарасты Молодежный ауылының әкімі етіп тағайындады. Ауылда әкім болып қызмет атқарған уақытта Молодежный ауылдық Майкутов мектебінің, ауылдық Мәдениет үйінің, спорт залының төбесін жөндетіп, ауыл ішіне спорт алаңын орнатты. Ауыл тұрғындарының әлеуметтік жағдайын жақсарту, мемлекеттік бағдарламаларды жергілікті жерде жүзеге асыру, ауылды санитарлық таза ұстау, абаттандыру, көгалдандыру т.б. салаларда белсенді жұмыс жасай білді.

Әкімдіктен жеке кәсіпке

2013 жылы Сағидолла КӘКЕНҰЛЫ жеке кәсіпкер ретінде жұмыс жасауға бел буып, «САЗ» аталатын шаруа қожалық ашты. Іскер азамат қожалық жұмысын да сәтті жүргізе алды. Егін егіп, мол өнім жинап, қамбасын ал-

сын арқалады. Сағидолла КӘКЕНҰЛЫНЫҢ тәлімін алып, түлеп ұшқан жастар қазіргі уақытта еліміздің әр өңірінде түрлі салада жауапты қызметтер атқарып, еліміздің дамуына үлес қосуда.

Сегіз жылдан бері архив басшылығында

Сағидолла БАЙГЕНЖИН 2017 жылдан бері Арқалық өңірлік мемлекеттік архивін басқарып келеді. Құнды құ-

көрініп келе жатқаны да Арқалық өңірлік архивінде жүргізіліп келе жатқан жүйелі жұмыстардың көрінісі екені анық.

Депутат болып өзекті мәселелерді көтере білді

Сағидолла КӘКЕНҰЛЫ қоғамдық жұмыстарға да белсенді атсалысып келеді. 2005 жылдан бері «Аманат» партиясының мүшесі. VII ші шақырылым бойынша Арқа-

Кішіпейіл, мәдениетті, жоғары азаматтық пайым – парасатымен де айналасына үлгілі азамат.

Олай болса, Сағидолла КӘКЕНҰЛЫ «Ерен еңбегі үшін» медаліне, басқа да жоғары марапаттарға әбден лайықты азамат. Ағамызды мереке қарсаңындағы қуанышты жаңалығымен құттықтаймыз. Әрқашан абыройыңыз асқақ, мерейіңіз үстем болсын. Деніңізге саулық, шаңырағыңызға шаттық пен берек тілейміз!

«АХ»

